

**2020 – 2021 оқу жылында қашықтықтан оқыту
жағдайындағы психологиялық қызметтің жылдық есебі**

Оқушыларды жаңа оқу жылында қашықтықтан оқуға дайындау, карантинге байланысты ережелермен таныстыру мақсатында жұмыстар мектеп әкімшілігі, психолог және сынып тәрбиешілерімен бірге ZOOM платформасы, WhatsApp, Telegram арқылы ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында «Қашықтықтан оқытудағы психолог кеңесі» тақырыбында ата-аналар мен ұстаздарға бейнебаян ұсынылды және қазан айында оқушыларға «Қашықтықтан оқытуда табысты болу үшін» кеңестер бейнебаян арқылы берілді. Жаңадан қабылданған 6 «а,б» сынып оқушыларымен қашықтықтан оқыту форматында 2-5 қыркүйек аралығында «Ерекше есім» танысу тренингі өтті. Тренинг арқылы оқушылар адам өмірінде оның есімі маңызды және өз бойларында құнды қасиеттер бар екенін, жетістікке жетуде есімнің де ықпалы болатынын аңғара түсті, есімдеріне лайық тұлға болуларына мотивация берілді.

Жаңадан қабылданған оқушылардың қызығушылығы мен қиындығын анықтау мақсатында 09 - 12.09.2020ж аралығында 6 «а,б» сынып оқушыларына «Болашағыма сәтті қадам» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Қорытындысы шығарылып, алдағы уақытта нәтижелі білімге жету үшін қиыншылықтар ескеріліп, жұмыстануға міндеттемелер алынды. Оқушылардың қызығушылықтарына орай, түрлі оқу -тәрбиелік шараларға қатыстыру қарастырылды.

7-8 сынып оқушылары үшін қазан айында «ПОЗИТИВ» ми жаттығулары тақырыбында қызықты психологиялық жұмыс өтілді. Жаттығу арқылы оқушылар көңіл – күйлерін көтеруге, шығармашылық шыңдалуға, мидың қозғалысын белсендіруге, өмірдің жарқын жақтарын сезіне білуге, жағымды эмоция алуға, әр істен нәтиже шығаруға, шаршау сезімдерін басуға, белсенді болуға, шынайы бақытты болуға мүмкіндік алды.

9-10 сынып оқушылары арасында қазан айында «Жанымда менің жақсы адам» тақырыбында психологиялық жұмыс өтілді. Мақсаты: адамдар арасындағы қарым – қатынастың мәнін түсіну, өз бойларындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін білу, жанында жүрген жақсы адамдарын бағалай білуге, құрметтеуге және жақсы адам болуға талпынуға бағытталды.

11 сынып оқушыларына қазан айында «Мен үшін МОТИВАЦИЯ» тақырыбында психологиялық жұмыс өтілді. Өткізілген жұмыстың мақсаты: 11 сынып оқушыларына «Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық» барысында өзін – өзі бақылау дағдысына үйрету, өз күшіне сенімін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету және мақсатқа жету мотивациясын нығайтуға бағытталды.

«Қызылжар Абай орта мектебі» Қоғамдық қоры шеңберінде **8-11 сынып оқушылары арасында жан күйзелісінде жүрген жасөспірімдерді анықтауда автоматтандырылған сауалнама** 1.10 – 8.11.2020 жыл аралығында жүргізілді. Сауалнамаға мектеп – интернаттан **8 – 11 сынып арасынан барлығы 151 оқушы түгел қатынасты.** Сауалнаманың қорытындысы бойынша анықталған психологиялық сүйемелдеу тобындағы жасөспірімдермен арнайы сұхбат өтілді. Оқушыларға психологиялық кеңестер берілді.

"Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу" бағдарламасы шеңберінде ZOOM платформасы арқылы педагогикалық ұжымның хабардарлығын арттыру және жасөспірімдердің суицидтік мінез – құлқының белгілерін тану мақсатында "Тағдыр сақшылары" атты онлайн

вебинар «Қызылжар Абай орта мектебі» Қоғамдық қорының тренері Сармулдинова Анель Туребековнаның ұйымдастырумен 01.10.2020жылы өтілді. Вебинарға педагогикалық ұжым түгел қатынасып, маңызды ақпараттар алды.

"Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу" бағдарламасы шеңберінде ата – аналардың хабардарлығын арттыру және жасөспірімдердің суицидтік мінез – құлық белгілерін тану мақсатында "Тағдыр сақшылары" атты онлайн вебинар 26.10.2020жылы өтілді, оған 8 – 11 сынып ата – аналары қатынасты. Онлайн вебинарды «Қызылжар Абай орта мектебі» Қоғамдық қорының тренері Сармулдинова Анель Туребековна өткізді.

Ата – аналардың хабардарлығын арттыру мақсатында 8 – 11 сынып ата – аналары үшін жасөспірімдердің суицидтік мінез – құлық белгілерін тануы бойынша ақпараттық - слайд, бейнебаяндар ұсынылып, хабардар етілді.

ZOOM платформасы арқылы 23 - ші қазанда «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда пайдаланудың тиімділігі» тақырыбындағы мектепшілік онлайн вебинарда педагогикалық ұжымға және 28 - ші қазан айында облыстық «Жаңартылған білім беру жағдайында химия пәнін оқытуда қолданылатын тиімді әдіс - тәсілдер» тақырыбындағы онлайн вебинарында ұстаздарға «Пәнді оқытудағы психологиялық зерттеудің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасалды, психологиялық тренинг өтілді. Вебинар Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығымен бірлесіп, ZOOM платформасында және орталықтың YouTube каналында трансляцияланды.

2020 жылдың 27 қазанда «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Дарынды баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы отбасының рөлі» тақырыбындағы облыстық онлайн семинар – коучингке психологпен бірге ата – аналарда қатысты.

Мектеп – интернаттың 6-11 сынып оқушылары мен ата – аналарына интернет желісіндегі қауіпсіздік туралы кеңестер, бейнебаян үлгісінде ақпараттық түсіндірмелер берілді.

Қашықтықтан оқыту форматында 2020 жылдың 20 қараша – 03 желтоқсан айларында 6 - 7 сынып оқушылары үшін **«Өмірімнің бақытты сәттері»** тақырыбында арттерапия өтілді. Оқушылар өмірлеріндегі бақытты шақтарын әр түрлі түстермен суреттеп, адам баласының ең бақытты өміріне із қалдырар тәтті кезеңдерін өз суреттерінде көрсете білді. Бұл жасалған жұмыстың мақсатына сай өмірдің әр сәтінде бақытты кездер бар екенін аңғартуға, психоэмоционалдық жағдайларын жақсартуға мүмкіндік берді.

2020 жылдың 26 қазанында 7-11 сынып оқушылары үшін **«Әлеуметтік желінің жасөспірімдерге ықпалы»** тақырыбында ZOOM қосымшасы арқылы онлайн режимінде психологиялық ақпараттандыру жұмысы өтілді. Ақпараттандыру жұмысында әлеуметтік желінің ықпалы, қауіпсіздік ережелері, кибербуллинг, әлеуметтік желі ойындары және оның әсері секілді маңызды мәліметтер айтылып, әлеуметтік желіні оңтайлы пайдалануға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға кеңестер берілді.

2020 жылдың 26 қазанында 8 - 11 сынып оқушылары үшін **«Қызылжар Абай орта мектебі» Қоғамдық қоры шеңберінде «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында ZOOM қосымшасы арқылы онлайн режимінде жасөспірімдерге арналған оқыту семинары өтті. Аталған оқыту семинарында «Өзіңнің көңіл - күйіңе әсер ет және оны**

жақсарт», «Стресс және дағдарыс», «Досыма көмек керектігін қалай біле аламын?» тақырыптарында дәрістер беріліп, оқушылардың хабардарлығын арттыру жұмысы ұйымдастырылды.

Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстанның БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялауы шеңберінде 2020 жылдың 09 – 20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқаны өткізілді. Науқан барысында 17.11.2020 жылы «Әр бала зорлық – зомбылықсыз балалық шаққа құқылы», «Бақытты балалық шақ» бейнебаяндар көрсетіліп, талқыланды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық – зомбылықтың, келеңсіз жағдайлардың алдын - алу мақсатында google формасында 18.11.2020 жылы 6 - 11 сынып ата – аналары үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға мектеп – интернаттан 151 ата – ана қатынасты. Сауалнама көрсеткіштеріне назар аударсақ, ата – аналардың басым көпшілігі балаларымен жақын қарым – қатынаста екенін, ата – аналардың көпшілігі күнделікті өмірде зорлық – зомбылық және одан қорғану туралы балаларына ақпарат беретіндігі, балалар қиындық болса көбіне анасы мен әкесіне жүгінетіндігі және ата – аналар зорлық - зомбылықтың куәсі болған жағдайда арнайы мамандарға (инспектор, психолог, заң қызметкерлері, оқу орнының әкімшілігі), «Сенім» телефондарына хабарласатындығын аңғартты. Десек те, ата – аналарды бала тәрбиесінде психологиялық қолдау және келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында, сонымен қатар «Қатыгездіксіз және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны аясында ақпараттандыру жұмысы жалғастырылды. Яғни, мектеп инспекторы және мектеп психологымен бірлескен «Зорлық – зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» тақырыбында 20.11.2020 жылы ата – аналармен онлайн семинар өткізілді.

Мектеп – интернаттың 6 - 11 сынып оқушылары мен ата – аналарына 27.11.2020 жылы «Жаман ой жаныңызды аздырады» тақырыбында бейнебаян үлгісінде кеңестер берілді және оқушыларға онлайн - жеке кеңестер ұйымдастырылды.

Мектеп – интернаттың 6 - 11 сынып оқушыларына «Темекінің тауқыметі», «Есірткіге жол жоқ!» тақырыптарында әлеуметтік ролик көрсетіліп, оқушылармен түзету – дамыту, ағарту жұмыстары өтілді.

27 қараша 2020 жылы Ақтөбе облыстық химия пәні ассоциация мүшелерінің арасында “Химия пәнін қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері” тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелде «Көтеріңкі көңіл - күй» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылып өтілді. Мектеп – интернаттың ата – аналары мен ұстаздарына «Көңіл – күйді көтеретін әдістер» тақырыбында бейнебаян үлгісінде психологиялық ағарту жұмысы өтілді.

9 желтоқсан 2020 жылы Ақтөбе облыстық химия пәні ассоциация мүшелерінің арасында “Қашықтықтан оқыту – білім берудегі жаңа технологиялардың бірі” тақырыбында өткізілген облыстық онлайн семинарда «Мұғалімнің бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудағы рөлі» атты психологиялық жұмыс өтілді.

Қашықтықтан оқыту форматында оқушылардың мінез – құлық ерекшеліктерін анықтау мақсатында 4-15.12.2020 жылы 8 сынып оқушылары үшін «Гүлдер суретін салыңыз» графикалық тест өтілді.

Мектеп – интернаттың 9-11 сынып оқушылары «Шоқжұлдыздар сыры» мамандыққа сәйкестікті анықтау мақсатында кеңестер ұйымдастырылды.

«Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында 8-11 сынып қыз балаларымен 13.01.2021 жылы қашықтықтан психологиялық ағарту, алдын алу жұмыстары өтілді. Мақсаты: бойжету, қыз бала гигиенасы жөнінде түсінік беру, өзінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін, өз тәртібі мен мінез-құлығын саналы түрде реттеу қабілетін қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу. Ағарту, алдын алу жұмысы аясында қыз балалармен кері байланыс жасалып, пікір алмасу өтілді.

Оқушылардың оқуға деген ынтасын, оқу мотивациясын зерттеу бағытында 20.01.2021 жылы 6 «а,б» сынып оқушыларына google формасында сауалнама өткізілді. Сауалнама қорытындысына сәйкес, оқушылардың оқуға деген ынтасы, оқу мотивациясы қалыпты нәтижені көрсетті.

«Зиянды заттар мен әдеттердің алдын алу» (ЖҚТБ, алкогольизм, темекі, есірткі) психологиялық сағат қашықтықтан 27.01.2021 жылы өткізілді. Мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі темекі, алкогольизм, есірткі, ЖҚТБ – нің алдын алу, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Аталған жұмыс аясында оқушылармен зиянды заттар, олардың адам ағзасына әсері, қауіптілігі, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстау, салауатты өмір салты туралы пікір алмасу өтілді.

Жеке тұлғаның мамандық бағытын, мінез – құлықтық типін анықтау мақсатында 8-10.02.2021 жылы 9,11 сыныптар аралығында Дж.Голланд әдістемесі өткізілді. Бұл әдістеме бойынша оқушылардың мамандық бағыты, мінез – құлықтық типі: реалистік, интеллектуалдық, әлеуметтік, конвенциялық, тапқыр және әртістік типтері анықталды.

Пән мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ZOOM қосымшасы арқылы 11.02.2021 жылы мектепшілік әдістемелік кеңес өтті. Осы әдістемелік кеңес аясында **«Мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал етуші факторлар» тақырыбында психологиялық жұмыс: презентация, тренинг өтілді.** Пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыс жоғары деңгейде өтті.

Ата – аналар мен оқушыларға келеңсіз жағдайлардың алдын алу, ағарту жұмыстары бойынша **«Отбасы – алтын дінгек», «Жат ағымнан аулақ бол», «Стресс және одан арылту жолдары» т.б. жоспарлы ақпараттық бейнебаяндар, жадынамалар мессенджерлер арқылы таратылды.**

«Ақ бүршік жарған, қош келдің, Көктем» атты 1-6 наурыз аралығында ұйымдастырылған «Педагогика - психология» бірлестігінің апталығы аясында мектеп – интернаттың жатақхана тәрбиеленушілері, 9 сынып оқушыларына өзін – өзі тану қабілетін дамыту, көңіл – күйлерін, ішкі ой – сезімдерін реттеу арқылы тұлғаның үйлесімді дамуын үйлестіру мақсатында «Мандала» терапиясы және 11 сынып оқушыларына өмір өткелдерінен сүрінбей өтуге, сенімділікті нығайтуға, көңіл – күйлерін көтеруге, қоршаған ортамен үйлесімді болуға, мақсатқа жетелеуге бағыттау мақсатында «Өзінді сүю – Өмірді сүю» тақырыбында тренинг өтілді. Оқушылар жүргізілген жұмыстарға өте белсенді қатынасты.

Оқушылардың жеке адамдық күйзеліске ұстамдылығының өзіндік бағасын анықтау мақсатында 09 - 10.03.2021жылы 9,11 сынып оқушыларына әдістеме өткізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша оқушылардың жеке адамдық күйзеліске

ұстамдылығы қанағаттанарлық деңгейде, аса қатты күйзеліске бейім оқушы анықталмады.

Республикалық «Дарын» ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 12 наурыз 2021 жылы ең үздік, нәтижелі жұмыс жасап жүрген тәжірибелі психологтардан жас мамандарға іс – тәжірибе тарату аясында «Жаңашыл психолог – жас психологқа» («Новатор психолог – юному психологу») тақырыбында онлайн вебинар өтті. Аталған вебинарда «Мәртебелі психолог – жаңашылдық шебері» тақырыбында республика көлемінде іс – тәжірибеммен бөлістім. Вебинар өте жоғары деңгейде өтті. Әр облыстан әріптестерім тарапынан ыстық ықылас, қолдаумен бірге іс – тәжірибе бөлісуден кері байланыс жоғары деңгейде жүзеге асты.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, жасөспірімдерді қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру мақсатында 10-14.04.2021 жылы google формасында 6 - 11 сынып оқушыларына «Құқықбұзушылық және жауапкершілік» тақырыбында сауалнама өтілді. Сауалнамаға 136 оқушы қатынасты. Сауалнама жүргізілгеннен кейін, оқушылардың құқықтық білімдері мен жауапкершіліктерін арттыру мақсатында арнайы жадынама тарату жұмыстары жалғастырылды. Мектеп – интернат оқушылары үшін «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға кеңестер» берілді.

Оқушыларды өзінің мінез – құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, өз болашағының бағытын айқындап, мақсат қоя білуге үйрету, мақсатқа, жетістікке жетудегі үміт пен сенімділікті ояту мақсатында 24.04.2021 жылы 9 және 11 сынып оқушыларына «Менің қандай жетістікке жеткім келеді?» атты тренинг өтілді. Тренинг барысында «Қолыңнан бәрі келеді» әлемдік мотиватор Ник Вуйчичтің жетістік құпиялары, «Жетістікке жету мотивациясы» бейнебаяндары, «Менің қандай жетістікке жеткім келеді?» пікір – талас, «Жетістікке бір қадам» жадынамалар ұйымдастырылды. Оқушылар өтілген тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, өздерінің ой пікірлерін ортаға салды.

27 сәуір 2021 жылы Ақтөбе облыстық химия пәні ассоциация мүшелерінің арасында өткізілген “Химияны оқытуда тұлғаның зерттеушілік – ізденушілік дағдысын қалыптастыру” тақырыбындағы облыстық онлайн семинарда «Мұғалімнің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу» атты психологиялық жұмыс өтілді.

«Дарын» Республикалық ғылыми – практикалық орталығы 2021 жылғы 25-30 сәуір аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңі шеңберінде қатысушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.

Мектеп – интернаттың 9,11 сынып оқушылары үшін «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» бейнебаян және «Емтихан кезіндегі мінез - құлық» жадынамалар мессенджерлер арқылы ұсынылды.

11 сынып оқушыларына 14.05.2021 жылы «ҰБТ – ке дайындығымыз қандай?» тақырыбында оқушының даярлығын бақылау мақсатында сауалнама өтілді. Сауалнама нәтижесін ескере отырып, пән мұғалімдері тарапынан ҰБТ – ке даярлық күшейтілді. Оқушыларға ҰБТ алдындағы қобалжу деңгейін төмендетуге бағытталған комплекс тренингтер өтілді.

Жаңашылдық қызметке қатысу:

- ✓ Халықаралық «Мозайка успеха» атты онлайн вебинарға қатысқаны үшін Сертификат, Костромской государственной университет Российской Федерация, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 03- 30. 06.2020 жыл.
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті: «Бақыт отбасынан басталады» атты республикалық бейне интернет – жобасы конкурсының қатысушысы – отбасылары үшін республикалық ата – ана диалогы алаңында «Ата – ана мен баланың табысты өзара әрекеттесуіне психолог кеңесі» тақырыбында қатысқаны үшін Сертификат, Нұр – Сұлтан қаласы, 01.09.2020 жыл.
- ✓ Ақтөбе облысының білім басқармасы, өскелең ұрпақты саналы тәрбиелеу мен психологиялық сүйемелдеудегі елеулі еңбегі үшін Алғыс хат, Ақтөбе, 01.09.2020 жыл.
- ✓ Назарбаев Зияткерлік Мектебі, «Бақытты ата – ана – табысты бала» тақырыбында қашықтықтан курс, Сертификат, 12.09.2020 жыл.
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында 40 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсы, Сертификат, 16.09.2020 жыл.
- ✓ Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы игілікті іс – шараларға белсене араласқаны үшін Алғыс хат, Ақтөбе - 03.10.2020 жыл.
- ✓ «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Отбасы тәрбиесіндегі құндылықтар: өнеге және ұлағат/мемлекеттің гендерлік саясаты негізінде/» тақырыбында онлайн режимінде өткен дөңгелек үстелге қатысқаны үшін Сертификат, Ақтөбе - 17.11.2020 жыл.
- ✓ «USTAZ TILEGI» республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы, Халық аралық «Үздік педагог» ұстаздар арасында олимпиадасының жеңімпазы, I дәрежелі Диплом - 19.11.2020 жыл.
- ✓ Ақтөбе облысының білім басқармасы, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ, Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу мен сапалы білім беру ісіндегі табысты ұстаздық еңбегі үшін Алғыс хат, Ақтөбе - 15.12.2020 жыл.
- ✓ «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ, Білім саласын дамытудағы еңбегі үшін Сертификат – 30.000 теңге, Ақтөбе - 15.12.2020 жыл.
- ✓ «Қызылжар Абай орта мектебі» қоғамдық қоры «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында бізбен бірге ынтымақтаса жұмыс істеп, өмірлік бағдары айқын саламатты ұрпақ тәрбиесіне ат салысқаныңыз үшін Алғыс хат, Ақтөбе - 25.12.2020 жыл.
- ✓ Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы, “Оқушының тұлғалық дамуын жетілдіруге бағытталған психологиялық тренингтер” тақырыбындағы әдістемелік материалым “www.bilimaktobe.kz” сайтына жарияланды. 12.02.2021ж Ақтөбе қаласы
- ✓ “Психолог қызметіндегі метафоралық ассоциативті карточкалармен жұмыс” тақырыбы бойынша академиялық 8 сағаттық семинар – практикумға қатысқаны

- үшін Сертификат, 23.03.2021ж ЖШС “Prioritat” Тұлғалық даму орталығы Ақтөбе қаласы.
- ✓ Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы, ““ Моббинг және Буллинг” олармен күресу жолдары ” тақырыбындағы облыстық оқыту семинары, Сертификат, Ақтөбе - 25.02.2021 жыл.
 - ✓ Республикалық ғылыми – практикалық танымдық журнал ҚЫЗЫҚТЫ ПСИХОЛОГИЯ 26.02.2021 жылы “Менің тағдырымның бақытты билеті” тақырыбындағы материал жарияланды.
 - ✓ 2021 жылдың 27 ақпанында өткен “Оқу – тәрбие тұтастығы аясында оқушының тұлғалық қасиетін қалыптастыру мүмкіндіктері” тақырыбындағы республикалық онлайн семинарға қатысқаны үшін Сертификат, А.Байтұрсынұлы білім академиясы, Нұр – Сұлтан 2021
 - ✓ Республикалық «Дарын» ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 12 наурыз 2021 жылы ең үздік, нәтижелі жұмыс жасап жүрген тәжірибелі психологтардан жас мамандарға іс – тәжірибе тарату аясында «Жаңашыл психолог – жас психологқа» («Новатор психолог – юному психологу») тақырыбында онлайн вебинар өтті. Аталған вебинарда «Мәртебелі психолог – жаңашылдық шебері» тақырыбында республика көлемінде іс – тәжірибеммен бөліскенім үшін Сертификат, Нұр – Сұлтан қаласы.
 - ✓ Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы, Педагог – психологтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиада, I дәрежелі ДИПЛОМ 2.04.2021жылы, Ақтөбе қаласы.
 - ✓ «Дарын» Республикалық ғылыми – практикалық орталығы 2021 жылғы 25-30 сәуір аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңі шеңберінде қатысушыларға өткізген психологиялық тренингтері үшін Сертификат, Нұр –Сұлтан.

Психолог: М.К.Истигулова